

**Қазақ әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша
Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы**

Тест мақсаты: Жоғары оқу орындарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: Жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін қазақ әдебиетінен білімді меңгеру деңгейін бағалау.

Тест мазмұны:

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Ежелгі дәуір әдебиеті және халық ауыз әдебиеті	01	«Күлтегін» жыры, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры (үзінді)
		02	Тұмар ханшайым туралы аңыз, «Ең үлкен байлық» ертегісі
		03	Жұлдыздар туралы аңыздар, ертегілер. Жан-жануарлар туралы ертегілер
02	XIX ғасыр әдебиеті	04	Абай Құнанбаев Табиғат лирикасы, «Сағаттың шықылдағы емес ермек», «Базарға қарап тұрсам әркім барар», «Адамның кейбір кездері», «Дүние қалай етсең табылады?»
		05	Ы.Алтынсарин «Атымтай жомарт»
		06	Ш.Уәлиханов «Жоңғария очерктері»
03	XX ғасырдың I жартысындағы әдебиет	07	Ақан сері «Жігіт сипаты», «Қыз сипаты» М. Жұмабаев «Қазақ тілі», «Мен жастарға сенемін» өлеңдері
		08	І. Жансүгіров «Күйші» поэмасы (үзінді), «Күй» поэмасы, «Жетісу суреттері»
		09	Ж. Аймауытов «Әнші» әңгімесі
		10	С. Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы
04	XX ғасырдың II жартысындағы әдебиет	11	Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» романы Д. Исабеков «Әпке» драмасы
		12	М.Әуезов «Абай жолы» романы, «Қайтқанда» тарауы, «Көксерек»
		13	Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» романы Ғ.Мұстафин «Қарағанды», «Шығанақ» романдары (үзінді)
		14	Т. Айбергенов «Бір тойым бар», М. Мақатаев «Наурыз», «Ертең біз жол жүреміз», «Сағатым қайда, сағатым?», «Токта, ботам!» өлеңі Ф.Оңғарсынова «Оюлар» өлеңі
		15	І. Есенберлин «Көшпенділер» Ә.Нұршайықов «Аңыз бен ақиқат» (үзінді)
		16	С.Мұқанов «Саятшы Ораз» әңгімесі Қ. Аманжолов «Жас дәурен» Т. Әлімқұлов «Қараой» әңгімесі
		17	М.Мағауин «Бір атаның балалары», Қ. Жұмаділов «Қаздар қайтып барады»
		18	С. Мұратбеков «Телі өскен ұл» повесі, «Жусан иісі» О. Бөкей «Апамның астауы» әңгімесі
		19	Б. Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» әңгімесі М. Шаханов «Өркениеттің адасуы» романынан үзінді, «Компьютер басты жарты адамдар»
		05	Қазіргі заман әдебиеті
21	Гауһар Сейітжан «Қара алтыны халқымның ...» Қ. Мырзалиев «Аралым» өлеңі Әкім Ысқақ «Күн ұлымын» Жүніс Сахиев «Уақыт қайтарымы», Медеу Сәрсекке «Жетінші толқын»		
22	Тынымбай Нұрмағанбетов «Он төрт жасар жігіт» Талаптан Сұлтанбеков «Ғажайып планета» әңгімесі (үзінді) Ермек Өтетілеуұлы «Ата Заң»		
23	Балғабек Қыдырбекұлы «Теміржолшы» Думан Рамазан «Соңғы дем» әңгімесі Жанболат Ауыпбаев «Диктор» деректі әңгімесі Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан» кітабы		
24	Ұлықбек Есдәулет «Қара пима» поэмасы		

			Бауыржан Омарұлы «Сапардың сырлы сәттері» Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі
		25	Дүкенбай Досжан «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі театр» әңгімесі, Айбатыр Сейтақ «Азат елдің ар-намысы – Ата Заң»
		26	Өтебай Тұрманжанов «Қарлығаш, дәуіт, жылан» Дүкенбай Досжан «Жібек жолы» романы (үзінді) Гүлнар Жұмабайқызы «Ел тірегі - экономика»
06	Шет ел әдебиеті	27	Шыңғыс Айтматов «Ана – Жер Ана», «Кассандра таңбасы», «Найман ана»
		28	Даниэль Дефо «Робинзон Крузо» романы (үзінді)
		29	Айзек Азимов «Мен - роботпын» жинағынан үзінді
		30	Майкл Х. Харт «100 ұлы адам» атты кітабынан - «Альберт Эйнштейн», Дениз Райан «Ақпарат және байланыс», «Ауа райы»
07	Көркем шығарма үзіндісімен жұмыс	31	Мәтінмен жұмыс

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С– 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмаларының саны:

Тест қазақ әдебиеті бойынша 40 тест тапсырмасынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 1 контекст;
- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары бар.

Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

Тест тапсырмалары түсушілердің қазақ әдебиетінен білімін, біліктілігі мен дағдыларын, игерген білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану құзыреттілігін тексеруге бағытталған.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты: тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 1,5-2 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 70 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».